

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

асыру маңызды бағыт болып саналады. Ал шет инвестицияларды тарту және Сауд Арабиясының бизнеске ашық екенін көрсету үшін арнайы экономикалық аймақтардың ашу шешуші рөлді атқарады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Запасы нефти в Саудовской Аравии // URL: https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Запасы_нефти_в_Саудовской_Аравии (20.03.2024)
2. Жуков С., Копытин И., Резникова О. САУДОВСКАЯ АРАВИЯ НА МИРОВОМ РЫНКЕ НЕФТИ / МИРОВАЯ ЭКОНОМИКА И МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ, 2021, том 65, № 9, с. 98-107.
3. Руденко Л.Н. Экономическая модернизация в арабских странах / институт востоковедения РАН, УДК 339.92 / 2016. / 18-30 сс.
4. Малов. А. Саудовская Аравия между нефтью и реформами // URL: <https://www.vedomosti.ru/opinion/articles/2017/07/28/726502-saudovskaya-araviya> (21.03.2024)
5. Кушаева. Н.Б. «Видение 2030» — амбициозная «дорожная карта» Саудовской Аравии в будущее / Н.Б. Кушаева. — // Молодой ученый. — 2023. — № 51 (498). — С. 411-414. — URL: <https://moluch.ru/archive/498/109492/> (Есепке алынған күні: 25.03.2024).
6. Как Саудовская Аравия делает на паломниках и туристах миллиарды долларов // URL: <https://dzen.ru/a/XLDH3XcLXACvIBJi> (Есепке алынған күні: 24.03.2024)
7. Нефтяная компания Saudi Aramco может привлечь до \$20 млрд // URL: <https://quote.rbc.ru/news/article/65f2dea89a7947f3179f247b?from=copy> (24.03.2024)
8. Вид на жительство грин-карты Саудовской Аравии // URL: <https://saudi-arabia-evisa.com/ru/blog/saudi-arabia-green-card-residence-permit/> (Есепке алынған күні: 24.03.2024)
2. Нефть, «зеленая экономика» и IT: что нужно знать о Саудовской Аравии // URL: <https://trends.rbc.ru/trends/industry/63185af09a794718ee3d8f64?from=copy> (Есепке алынған күні: 24.03.2024)
3. How Saudi Arabia's new special economic zones signal that the Kingdom is open for business // URL: <https://www.arabnews.com/node/2289801/saudi-arabia> (Есепке алынған күні: 24.03.2024).

ӘОЖ 821.581

«ҚЫЗЫЛ САРАЙДАҒЫ ТҮС» РОМАНЫ ЖІНЕ ОНЫҢ БАСҚА ТІЛДЕРГЕ АУДАРЫЛУЫ

Сырымова Майра Құрманғазықызы

mairasyrymova01@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А. Әлібекұлы

«Қызыл сарайдағы түс» қытай әдебиетіндегі кейіпкерлердің ішкі, эмоционалдық және психологиялық жағын сипаттауға тырысқан алғашқы роман болып саналады. Оның басқа романдармен салыстыруға келмейтіндігі оны Қытайдағы қалың оқырман үшін бұрынғыдан да тартымды етеді. Қазіргі уақытта зерттеу мен талқылаудың ең танымал тақырыптарының бірі - «Қызыл сарайдағы түстің» Қытай мәдениетімен байланысы. Біріншіден, ол әлі күнге дейін Қытай қоғамы өмірінің және Қытай мәдениетінің әртүрлі аспектілерін көрсететініне назар аударылады. Сонымен, бұл роман «Қытай қоғамының болмысының энциклопедиясы» деп аталды. Екіншіден, қазіргі уақытта «Қызыл сарайдағы түс» роман ғана емес, Қытай халқының өмірінің ажырамас

бөлігі, әрі Қытай мәдениетінің белгісі. Бұл мақалада романның қытай әдебиетінде алар орны мен өзектілігі және оның басқа тілге аударылу барысы қарастырылады.

«Қызыл сарайдағы түс» романының жазылғанына 200 жылдан астам уақыт өтсе де, оның төңірегіндегі талас-тартыс әлі де басылмай, бұл романға қатысты зерттеулер тоқтамай, міне үш ғасыр бойы ол Қытайдың мәдени, рухани және әдеби өміріне әсер етті. Роман әлдеқашан әдеби шығарма шеңберінен шығып, сол арқылы мәдениет объектісіне, үлкен мәдени мұраға айналды. «Қызыл сарайдағы түс» - Қытай ұлтының белгісі, зерттеу және дау-дамай объектісі. Және бұл кездейсоқ емес. Осы тұста Цао Сюэцинь ешкімге ұқсамайтын, ұлттық мінездің терең қырларын аша білген. Ал Қытайда оның маңыздылығы мен ел мәдениетіне ықпалы жағынан онымен теңестіретін басқа шығарма жоқтың қасы.

Белгілі болғандай, «Қызыл сарайдағы түс» - XVIII ғасырдың ортасында Цао Сюэцинь жазған және кейбір себептермен автор аяқтамаған қытайлық роман. Ал соңғы 40 тарауды Гао Е (барлығы 120 тарау) жазып бітірген болатын. Егер біз Қытайдың бүкіл әдеби мұрасы туралы айтатын болсақ, онда сансыз шығармалар тізбегі баяндалады. Олардың арасында, әрине, «Қызыл сарайдағы түс» романы ерекше сипатталады. [1] Негізінен, роман классикалық қытай тілінде емес, күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын тілде жазылған. Цао Сюэцинь шебер ақын, әрі классикалық қытай тілін жақсы меңгерген. Бірақ автордың романдағы сөздері жартылай классикалық стильде, ал диалогтары Бейжің диалектінде жазылған. Бейжің диалектісі қазіргі қытай әдеби путунхуа тілінің негізін құрады және бұл кітапты XX ғасырдың басындағы лексикографтар путунхуа сөздігін құрастыру үшін пайдаланды. Сондықтан, «Қызыл сарайдағы түс» Путунхуа үшін жарнамалық витринаның бір түрі болды деген деректер де кездеседі. [2]

«Қызыл сарайдағы түс» XVIII ғасырда Қытайдағы феодалдық қоғамның аяғында дүниеге келген. Бұл кезде Цинь патшалығы оқшау ел құрып, бүкіл халық гүлденген Канси-Цянлун әулеттері мен Аспан империясының пайда болуы туралы қияли арманға берілді. Бір қарағанда бұл кезең бейбіт, тыныш болып көрінгенімен, шын мәнінде қоғам ішіндегі қайшылықтар күшейіп, дамып, бүкіл әулет өркендеу мен құлдыраудың өзгерісті кезеңіне жетті.

Цао Сюэцинь Нанкин қаласында өсіп, жас кезінде бай және гүлденген ақсүйектер өмірін жүргізді. Алайда оның отбасының жағдайы бірте-бірте құлдырай бастады. Феодалдық қоғамның құрып бара жатқанына куә болған жазушы текті әулеттердің тұрмыс-тіршілігінің қалай күйрегенін өз көзімен көріп, өзі де талай қиындықты бастан кешірді. Цао Сюэцинь жан-жақты талантты адам болған. Ол суретті өте жақсы салған, қолөнерді, тіпті медицинаны да жақсы білетін. Сонымен қатар әдемі өлеңдер жазған қытай жазушысы болды.

Юнчжэн билігінің алтыншы жылында (1728 жыл) құқық бұзушылық үшін тәркіленіп, Цао Сюэциньнің отбасы Бейжіңге қайта көшіп кетті. Бейжіңге оралғаннан кейін, ол корольдік Цзунсюэ оң қанат мектебінде әдебиет және каллиграфия бойынша қызметкер болып жұмыс істеді. Бірақ жағдайы мүшкіл күйге түсіп, үнемі қиындықтарға тап бола берді. Өмірінің соңғы жылдарында ол Бейжіңнің батыс шетіндегі аудандарға көшті, онда күнкөріс жағдайы одан да кедейленді. Осы сәтте, Цао Сюэцинь «Қызыл сарайдағы түс» кітабын қаржылық дағдарысқа ұшырап, отбасынан айырылған, кедейлік жағдайына түскен кезде жазуды бастады. Әйгілі қытай мақалы былай дейді: «Өмірде үш бақытсыздық бар: жастық шақта ата-анасыз қалу, жас кезінде әйелінен айырылу және қартайғанда балаларынан айырылу». Осы бақытсыздықтың үшеуі де Цао Сюэциньнің басына түсті. Мүмкін, бұл қиыншылықтар оны уақыттың ағымы туралы қайта-қайта ойлауға, тым суық және сыналған айналадағы өмірге көз жүгіртуге, қайғы мен реніште өзінің аққу әнін, әйгілі романын жазуға мәжбүр етті. Романның пайда болу тарихы Цянлун әулетінің құрылуынан бастап, билігінің отызыншы жылына дейін (1736–1765) созылды. [3]

«Қызыл сарайдағы түсте» классикалық үлгіде жазылған өлеңдер көп болғандықтан, олар да жеке зерттеу нысанына айналды. Сонымен қатар, роман мәтіні Ван Ляойи [4] жазған қытай грамматикасы оқулығына деректі материал ретінде қызмет етіп, ол кейіпкерлердің бір-біріне айтатын түрлі жұмбақтарға толы болды. Олардың кейбіреулері поэтикалық, басқалары проза

түрінде жазылған. Әлбетте, «Қызыл сарайдағы түс», Қытайдың атақты жазушысы Лу Синь бір кездері роман жазудың бұрынғы стилін мүлде бұзды деп назар аударған көне әдеби дәстүрден асып түсті. Ол көне заманның қаһармандары мен сұлулары туралы, конфуцийшілдіктің идеалдары мен канондары туралы, Мэнци ілімі, даостық жол туралы романда сөз қозғаған жоқ. Әрине, автор Қытайдың көп ғасырлық дәстүрі мен мұрасын жоққа шығармайды, ол бұрынғы әдеби дәстүр аясында жұмыс істейді. Романның құрылымы өте дәстүрлі: мұнда будда философиясы үлкен орын алады, сонымен бірге даосизм мен конфуцийшілдікке көп көңіл бөлінеді. Бұл шығармада Цао Сюэцинь адам өмірі, әйел тағдыры, кейіпкерлердің асқақ сезімдері, бір-біріне деген қамқорлық, аяушылық, жанашырлық, адамгершілік туралы баяндайды. [5]

Цао Сюэцинь онда әлемнің иллюзорлық табиғаты туралы будда идеясының реалистік стилін біріктірді. Романның қайнар көзі – автордың балалық шағындағы бай-қуатты отбасылардың өміріне куә болған өзінің өмірі. Ал оның есейген шағындағы кедейлігі авторға өмірдің мәніне көбірек үңілуге мүмкіндік берді. «Қызыл сарайдағы түс» - оның ойдан шығарылған туындысы, әрі өнерге деген құрметінің жемісі. Бұл оған қытай әдебиетінің шыңы саналатын ғана емес, сонымен қатар әлем әдебиетінің үздік романдарының қатарына кіруге болатын роман жасауға мүмкіндік берді. Сонымен қоса, бұл туынды автор онсыз да кедей болған кезде жазылған және балалық шаққа оралудың бір түрі болды. Бірақ кейіпкер Баоюй тұлғасындағы автордың бейнесі біраз дау туғызды. Цао Сюэцинь романды 1740-1750 жылдар аралығында өңдеді, бірақ соңғы нұсқасы автор қайтыс болғаннан кейін пайда болды. Осы күнге дейін шығарманың түпнұсқа мәтінінің он екі данасы сақталғанымен, романның түпнұсқасының өзі сақталмаған. «Қызыл сарайдағы түс» 1791 жылы Чэн Вейян мен Гао Э тарапынан басылып шықты, ал екінші басылымы 1792 жылы жарық көрді. Соңғы тарауларды басқа автор жазғанымен, роман стилі сақталып, ол тұтас туынды ретінде пайда болды. «Қызыл сарайдағы түс» кейіпкерлердің әрекеттерінің терең психологиялық мотивациясымен және олардың мінездерінің егжей-тегжейлі сипаттамасымен ерекшеленеді. Цао Сюэцинь романы поэзияның, театрдың, көркем және сәулет өнерінің жоғары эстетикалық аспектілерін біріктірді. [6]

«Қызыл сарайдағы түс» романының басқа тілдерге аударылуына келер болсақ, ол алғаш рет Еуропа тілдеріне ХІХ ғасырда аударылған. Оны ағылшын тіліне аударудың алғашқы сенімді әрекетін 1812 жылы әйгілі протестанттық миссионер Роберт Моррисон (1782-1834) романның төртінші тарауының бір бөлігін "Hortae Sinicae" кітабының екінші томында жариялау мақсатында аударған кезде жасады (бұл кітап ешқашан жарияланбаған). 1816 жылы Моррисон қытай тіліндегі диалогтардың үлгісі ретінде өзінің қытай оқулығында 31-тараудағы әңгіменің аудармасын жариялады. 1819 жылы үшінші тараудан қысқаша үзіндіні әйгілі британдық дипломат және синолог Джон Фрэнсис Дэвис (1795–1890) аударып, «London Journal Quarterly Review» журналына шығарды. 1830 жылы Дэвис сонымен қатар Ұлыбритания мен Ирландия корольдік Азия қоғамының "еңбектерінде" романның үшінші тарауындағы өлеңді де жария етті. [7]

Ағылшын тіліндегі алғашқы толық нұсқасын аудару құрметті Ян Сянь Иге тапсырылды. Классикалық романдардың ішіндегі аса қатты ұнамайтыны екенін мойындағанымен, Ян 1961 жылы жұмысын бастады және 1964 жылы оған тоқтатуды бұйырған кездің өзінде 100-ге жуық тарауды аяқтады. Ол және оның әйелі Глэдис Ян мәдени революция кезінде тыңшылық жасады деген күдікпен түрмеге жабылды, бірақ 1974 жылы босатылғаннан кейін аударманы команда ретінде аяқтап бітірді. Оны 1978–1980 жылдары «Қызыл сарайдағы түс» деген атпен Пекиннің шетел тіліндегі баспасы үш том етіп басып шығарды [8]. Ағылшын тіліне аударылған екінші аударманы Дэвид Хоукс бірінші ағылшын аудармасынан кейін шамамен бір жарым ғасыр өткен соң шығарды. Хоукс бұрыннан белгілі редолог болған және 1970 жылы Penguin Classics оған ағылшын оқырмандарына ұнайтын аударма жасауды өтінген кезде Чу Циді аударған. Профессорлық қызметінен кеткеннен кейін Хоукс алғашқы сексен тарауды үш томдыққа (1973, 1977, 1980) жариялады [9]. Тас тарихы (1973–1980), Хоукс аударған алғашқы сексен тарау және оның күйеу баласы Джон Минфордтың соңғы қырық тарауы бес томнан және 2339 беттік негізгі

мәтіннен тұрады, жалпы саны 2800 беттен асады. Penguin Classics ағылшын тіліндегі аудармасының сөз саны 845 000 сөзге бағаланады. 1980 жылы The New York Review of Books журналында Хоукс пен Минфордтың аудармасына шолу жасаған кіші Фредерик Уэйкман романды «шедевр» және «әдеби данышпанның» туындысы деп сипаттады. Флорида университетінің қызметкері Синтия Шеннолт «роман дүниежүзілік әдебиеттегі ең керемет психологиялық романдардың бірі ретінде танылды» деп мәлімдеді.

Орыс зерттеушілеріне келер болсақ, 1832 жылы Пекиндегі орыс рухани миссиясының қызметкері П.П.Курляндцев 80 тараудан тұратын романның қолжазбасын иемденді. Ол қазір Петербург Шығыс қолжазбалары институтында сақтаулы. Бұл романның Қытайдан тыс жерде орналасқан жалғыз қолжазбасы. Оны зерттеу 1962 жылы Шығыстану институтының мұрағатынан синолог Б.Л.Рифтин тапқан кезде басталды. 1986 жылы осы қолжазбаның алты томдық кеңестік-қытайлық бірлескен факсимилдік басылымы Пекинде “КСРО-да, Ленинградта сақталған «Тастағы жазу»» деген атпен басылып шықты (Қытайша аудармасы: 苏联列宁格勒藏“石头记”). 2013 жылы қолжазбаның зерттеумен бірлескен орыс-қытай факсимилдік басылымы Бейжінде бес том болып жарық көрді [10].

"Қызыл сарайдағы түс" романының жалғыз орысша аудармасын 1958 жылы «Үш патшалықты» толық аудару тәжірибесі бар синолог В.А.Панасюк жүргізді. Кейіннен басқа синологтар аудармашының «романды орыс оқырманына жақындату үшін» жіберген оқылықтар мен бұрмалауларға бірнеше рет назар аударды. Сонымен бірге, Л. Н. Меньшиков атап өткендей, В. А. Панасюк бірінші болып романдағы күнделікті өмірдің бейнесін әдемі жеткізуге тырысты, әрі ол оның қолынан келді. Өмірінің соңғы жылдарында Панасюк аударманы түзетуге кірісті, бірақ оны жасауға мүлде уақыт болмады [11]. Оның аудармасы 1990 жылдардың ортасында Л.Н.Меньшиков дайындаған жаңа поэтикалық кірістірулермен қайта басылып шықты.

Цао Сюэцинь романы әдеби шығарма болғандықтан, Қытай мәдениетіне еніп, оның ажырамас бөлігіне айналды. Өйткені роман жазылғаннан кейін пайда болған мәдениетке айтарлықтай әсер етті. Бұл әсер екі аспектіде көрінеді: біріншісі – әдеби өнерге әсер ету, екіншісі - ұлттық сипатқа, ұлттық мәдениетке әсер ету, ол әсіресе әндерде, картиналарда, әнгімелерде, театр қойылымдарында, операда, кинода, поэзияда және тіпті бақша ғимараттарында көрінеді. Бұл екі әсер де өзара байланысты, әрі бір-бірін нығайтады - нәтижесінде «Қызыл сарайдағы түс» қытай халқының санасына, жан дүниесіне, мінезіне айналды. Қытайда бұл роман туралы білмейтін немесе естімеген адам жоқ, әр қытайдың өмірінде онымен кездесуге мүмкіндік болған. Роман, онымен кезіккен әрбір адамның жан дүниесінде резонанс тудырып, одан әркім өзіне керек нәрсе таба алары сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Колитенко Е.Е. Роман «Сон в красном тереме» некоторые аспекты культуры Китая - <https://cyberleninka.ru/article/n/roman-son-v-krasnom-tereme-nekotorye-aspekty-kultury-kitaya/pdf>. (Есепке алынған күн: 20.03.2024)
2. Vale: David Hawkes, Liu Ts'un-yan, Alaistair Morrison. China Heritage Quarterly of the Australian National University.
- 3.红楼梦考证.
- 4.Ван Ляои. Основы китайской грамматики. Пер. с кит. Г.Н.Райской под ред. А.А.Драгунова и Чжоу Сун-юаня. М.: Изд-во Иностран. лит., 1954.
- 5.Цао Сюэцинь. Сон в красном тереме. Том 1. Перевод с китайского В.А. Панасюка. Вступительная статья Н.Т. Федоренко. Перевод под редакцией В.С. Таскина. Оформление художника Н. Шишловского. (Москва: Издательство «Художественная литература», 1958)
- 6.Большая советская энциклопедия: Цао Сюэ-цинь

- 7.Gray, Ronald. The Stone's curious voyage to the West: A brisk overview of Honglougong's English translation history and English Hongxue (англ.). ProQuest.
- 8.Wang, Dylan K. (2023). "Translating Heteroglossia: Comparing Two English Translations of Honglou Meng". Archiv orientální. 91 (2): 307–326.
- 9.Gittings, John (25 August 2009). "Obituary for the Scholar and translator David Hawkes". The Guardian.
10. 俄羅斯聖彼德堡藏石頭記 («Запись на камне», хранящаяся в России, в Санкт-Петербурге)
- 11.Меньшиков Л. Н. Роман "Сон в красном тереме" - вершина китайской классической литературы.

ӘОЖ 342.356.12

ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК КӨШБАСШЫЛЫҚ ЖОЛЫ

Тасмуханова Арухан Нурлановна

tasmuhanovaaruhan@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - А.М. Азмұханова

Әлемдегі жетекші державалардың біріне айналған Қытай өзінің жаһандық көшбасшылығын нығайтуға белсенді түрде ұмтылуда. «Қытай және жаһандық көшбасшылық: жолдар мен сынақтар» Қытайдың жаһандық көшбасшы ретіндегі позициясын нығайту үшін қолданатын стратегияларға аналитикалық шолу жасайды және осы үдерісте елдің алдында тұрған қиындықтарды қарастырады. Зерттеу Қытайдың экономикалық ықпалын, геосаяси бастамаларын, технологиялық дамудағы рөлін, жұмсақ күшті пайдалануды, дипломатиялық және адам құқықтарын қорғау мәселелерін қамтиды. Мақалада Қытайдың жаһандық қауымдастық алдындағы жауапкершілікті көтеруге дайындығы мен қабілеті туралы маңызды сұрақтар көтеріледі. Мақалада келтірілген нәтижелер мен болжамдар Қытайтанушыларды да, жаһандық саясат саласындағы сарапшыларды да қызықтырады, Қытайдың болашақтағы жаһандық көшбасшылығының әлеуеті мен болашағына және оның жаһандық динамикаға ықпалына назар аударады.

Ең алдымен, XXI ғасырдың басынан бастап Қытай өзінің дамуының жаңа дәуіріне қадам басып, әлемдік саяси және экономикалық аренаның негізгі қатысушыларының біріне айналмас бұрын, Қытай елінің Жаңа ғасырдағы Жаңа Қытай тарихына (1911ж - қазіргі) қысқаша шолу жасап өтіледі.

XX ғасырдың басында Қытайда революциялық күштер белсендірек болды. Императорлық шенеуніктердің қысымы мен салықты үнемі көбейту Қытайдың әртүрлі аймақтарында толқуларға әкелді. 1900 жылы Бейжінде ихэтуандық (боксерлік) көтеріліс орнады. Көтерілісшілер шетелдіктер тұратын аудандарға шабуыл жасады. Көтерілісті басуға тек еуропалық экспедициялық күштердің біріккен күштері ғана қол жеткізді. 1911 жылы Синхай революциясы басталды, ол империялық биліктің құлауына әкелді. Генерал Юань Шикай маньчжурларды тақтан бас тартуға мәжбүр етті.

1912 жылы Гомиьндан партиясының негізін қалаушы Сун Ятсеннің басшылығымен конституциялық республика құрылды. Алайда Сунь Ятсен мен Юань Шикай арасындағы билік үшін күрес кезінде Қытай Шаньдун провинциясын басып алған Жапонияның басып алуының алдында қалды. Қытай тарихындағы бетбұрыс кезеңдердің бірі 1921 жылы Шанхайда Қытай